

## Телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 949 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.14. N 512 (колданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) Қаулысымен.*

*Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.12.08. N 1284 қаулысымен.*

"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттері болып табылатын әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

2. Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері: қолданыстағы тұрғын үй көмегін көрсету тәртібіне, қалалық телекоммуникациялар желілеріне қосылған телефон үшін абоненттік ақының ұлғаю сомасын тұрғын үй ұстауға, коммуналдық қызметтерді және байланыс қызметтерін тұтыну ақысы жөніндегі шығыстардың құрылымына енгізу бөлігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізсін және жергілікті өкілді органдарға бекітуге  
ұ с ы н с ы н ;

Ережеге сәйкес тұрғын үй көмегінің уақытылы төленуін қамтамасыз етсін.

2 - 1 .        ( а л ы н ы п        т а с т а л д ы )

2 - 2 .        ( а л ы н ы п        т а с т а л д ы )

2 - 3 .        ( а л ы н ы п        т а с т а л д ы )

*Ескерту. 2-1 - 2-3-тармақтар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.04.25. N 386 қаулысымен.*

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н        Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н        Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

бекітілген

**Қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттері болып табылатын, әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу ережесі**

*Ескерту. Мәтінге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.25. N 386 қаулысымен.*

**1. Негізгі ережелер**

Осы Қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттері болып табылатын, әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу ережесі (одан әрі - Ереже) "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуы бөлігінде байланыс қызметтерін өтеу тәртібін белгілейді.

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) қалалық телекоммуникация желісінің абоненті (бұдан әрі - абонент) - қалалық телекоммуникация желілерінің байланыс қызметтерін, осы мақсаттар үшін абоненттік нөмір немесе сәйкестендіру коды бөлінген кезде осындай қызметтер көрсету туралы шарт негізінде пайдаланушы жеке тұлға;

2) әкімші - "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттері болып табылатын, әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеуге ағымдағы мақсатты трансферттер" республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі;

3) тұрғын үй көмегін ағымдағы мақсатты және төлеу жөніндегі қалалық (аудандық) уәкілетті органдар (бұдан әрі - қалалық (аудандық) уәкілетті органдар) - халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі қалалық (аудандық) атқарушы органдар;

4) қалалық телекоммуникациялар желісінің абоненттері болып табылатын әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу (бұдан әрі - телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу) - тұрғын үй ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға төлеу жөніндегі тұрғын үй көмегінің құрамына кіретін, телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылу шығындарын өтеуге арналған және қолданылып жүрген тариф пен 2004 жылғы қыркүйектегі жағдай бойынша қалыптасқан тариф арасындағы айырма ретінде белгіленетін ақшалай өтемақы; < \* >

5) тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу жөніндегі облыстық уәкілетті

орган (Астана және Алматы қалаларындағы қалалық) (бұдан әрі - облыстық уәкілетті орган) - халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі (облыстық, республикалық маңызы бар қала, астана) атқарушы орган (Астана және Алматы қалаларындағы қалалық).

*Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.08. N 1284 қаулысымен, 2005.04.25. N 386 қаулысымен.*

## **2. Телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылу өтемақысы**

2. Абоненттерге телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылу өтемақысы қолданылып жүрген тариф пен 2004 жылғы қыркүйектегі жағдай бойынша қалыптасқан тариф арасындағы айырма ретінде белгіленетін телефон үшін абоненттік ақының арттырылған айырмасын тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шығыстардың сомасына қосу жолымен жүзеге асырылады. <\*>

*Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.08. N 1284 қаулысымен.*

3. Телефон үшін абоненттік ақы тарифтері арттырылуының өтемақысы үшін абонент тұрғын үй көмегін тағайындау үшін қажетті құжаттармен тұрғылықты тұратын жері бойынша қалалық (аудандық) уәкілетті органға өтінішпен барады.

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін жергілікті өкілді органдар бекітетін құжаттардың негізгі пакетіне қалалық (аудандық) телекоммуникациялар желісінің абоненті болып табылу фактісін растайтын (шарт не түбіртек - телекоммуникация көрсеткен қызметтері үшін есеп) құжатты қоса береді.

*Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.25. N 386 қаулысымен.*

4. Тұрғын үй көмегінің абоненттік ақы тарифінің арттырылу бөлігіндегі мөлшері телефон үшін абоненттік ақының көбеюі айырмасынан асырылмайды.

5. Қалалық (аудандық) уәкілетті органдар есепті айдан кейінгі айдың 5-не дейінгі мерзімде телефон үшін абоненттік ақы тарифінің арттырылуына өтемақы төлеуге ақшалай қаражат қажеттілігін жасайды және облыстық уәкілетті органға жібереді.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.25. N 386 қаулысымен.*

6. Облыстық уәкілетті орган үш күндік мерзімде ақшалай қаражатқа жиынтық қажеттілікті әкімшіге жібереді.

6-1. Телефон үшін абоненттік ақы тарифінің арттырылуына өтемақы төлеу бюджет және тұрғын үй заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады. <\*>

*Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.12.08. N 1284 қаулысымен.*

7. Телефон үшін абоненттік ақы тарифінің арттырылуына өтемақы төлеуге қаражатты аумақтық қазынашылық органдарына аудару кезінде уәкілетті орган төлеуге арналған шотты төлемдердің кезеңі мен сомалары көрсетілген абоненттердің тізімімен қоса ұсынады.

*Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.12.08. N 1284 қаулысымен.*

8. Қалалық (аудандық) уәкілетті органдар тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне облыстық уәкілетті органдарға телефон үшін абоненттік ақы тарифінің арттырылуына төленген өтемақы сомалары бойынша ақпарат ұсынады.

*Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.12.08. N 1284 қаулысымен, өзгеріс енгізілді - 2005.04.25. N 386 қаулысымен.*

9. Облыстық уәкілетті органдар есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей әкімшіге ағымдағы мақсатты трансферттер қаражатының пайдаланылуы туралы тоқсан сайынғы ақпаратты ұсынады.

*Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.12.08. N 1284 қаулысымен.*

10. Әкімші қажеттілікті алғаннан кейінгі 3 күн ішінде ақы төлеуге арналған шоттың негізінде және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі берген деректемелер бойынша облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттері болып табылатын, әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеуге арналған ағымдағы мақсатты трансферттердің сомасын аударады. Аудару белгіленген тәртіппен бекітілген "Қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттері болып табылатын, әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеуге облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін ағымдағы мақсатты трансферттер" республикалық бюджеттік бағдарламасын қаржыландыру жоспарына және қаулының 2-2-тармағына сәйкес тарифтің арттырылуына өтемақы төлеуге арналған ағымдағы мақсатты трансферттерді облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бөлуге сәйкес жүргізіледі.

*Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.12.08. N 1284 қаулысымен.*

11. Облыс бюджетін атқару жөніндегі уәкілетті орган трансферттерді төмен деңгейде тұрған бюджетке тарифтің арттырылуына өтемақы төлеуге арналған қаражат қажеттілігіне сәйкес және белгіленген тәртіппен бекітілген облыстық бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспары шегінде аударады.

*Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.12.08. N 1284 қаулысымен.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК